

**Қызылжар жалпы орта білім беретін 2024-2025 оқу жылында атқарылған
әлеуметтік-педагогикалық жұмысының
ЕСЕБІ**

2024-2025 оқу жылында әлеуметтік педагогтің жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Оқу жылының басында ҚР Оқу-ағарту министрінің №472 бұйрығына сәйкес әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары құрылды. Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік-педагогикалық жұмыс төмендегі алты бағыт бойынша ұйымдастырылды:

I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу

II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаныштық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс

VI. Диагностикалау-талдау қызметі

I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу туралы:

Сынып жетекшілердің әлеуметтік зерттеулеріне сәйкес сыныптың әлеуметтік паспорты жасалынды. Сыныптардың әлеуметтік паспорты негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды. Төмендегі кестеде 2023-2024 және 2024-2025 оқу жылындағы мектептің әлеуметтік көрсеткіштеріне сараптама жасалынды:

2023-2024 жылында көпбалалы отбасы - 186, толық емес отбасы саны -32, әкесі қайтыс болған – 3, анасы қайтыс болған – 0, ажырасқаны – 16, аз қамтылған отбасы – 26, білім алушы - 55, жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушы – 2, өгей әкемен бірге тұратын – 11, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – 0, денсаулығына байланысты үйден тегін, жеке оқытылатын білім алушы саны – 2, оқу жылында оқу жылдары бойынша кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде-1, мектепшілік есепке алынған білім алушы-1, сәтсіз отбасы-0

2024-2025 оқу жылдары бойынша көп балалы отбасы саны – 186, толық емес отбасы саны -31, әкесі қайтыс болған – 6, анасы қайтыс болған – 1, аз қамтылған отбасы – 25, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы – 15, жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушы – 1, өгей әкемен бірге тұратын – 15 білім алушы, өгей анамен бірге тұратын – 1 білім алушы, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – 10, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны – 0. Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде - 0, мектепшілік есепке алынған білім алушы-26, сәтсіз отбасы-0.

2025-2026 оқу жылы бойынша көп балалы отбасы саны – 157, ондағы бала саны 317 оқушы, толық емес отбасы саны -36, ондағы бала саны-63, толық отбасы-267, жетім бала-1, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – 9, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны – 1, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар-1, мектепшілік есепке алынған білім алушы-16, сәтсіз отбасы-0, тәуекел тобы-3 оқушы есепте. Сынып жетекші, әлеуметтік педагог, психолог, мектеп әкімшілігі бірлескен өгей ата- анамен тәрбиеленетін, аз қамтылған, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың үйлеріне тұрмыстық зерделеу жұмыстары жүргізіліп, акт жасалған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 шілдедегі №8 «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінген қаражатты жұмсау ережелерін бекіту туралы» қаулысын басшылыққа ала отырып жұмыстар жүргізілді.

Жылдары	Қаражат көлемі	Қамтылынған бала саны	Көмек түрі
2023-2024ж	55	55	Қаржылай
2024-2025ж	2951676	68	Қаржылай

Оқу жылдары бойынша аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу мақсатында «Мектепке жол» акциясы ұйымдатырылды.

Жылдары	Қаражат көлемі	Қамтылған бала саны	Көмек түрі
2023-2024ж	500,000 / жыл бойы/	80	Мектеп формасы, оқу құралдар, спорттық киім
2024-2025ж	900,000 / жыл бойы/	123	Мектеп формасы, оқу құралдар, спорттық киім, жана жылдық сыйлықтар
2025-2026ж	450,000 /тамыз, қыркүйек/	60	Мектеп формасы, оқу құралдар, спорттық киім

Әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушылардың орташа өсу динамикасы 4 пайызды көрсетіп отыр.

II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы. Оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен материалдар жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылды.

Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылар саны –1/ Асылхан Нұрислам Нұрланұлы. Осы оқу жылында жетім оқушының жәрдемақыларының мақсатты жұмсалуды, мүлкінің сақталуы бойынша жұмыстар атқарылды. Оқушы үй кезегіне қойылған. «29 қазан – Қамқоршылар күні» мерекесіне орай мерекелік шаралар ұйымдастырылып, оқушылардың қамқоршыларына қолдау көрсетілді.

Білім алушылардың сабаққа бармауының алдын алу мақсатында «Мектепке жол» республикалық акциясы жүзеге асты. Акция аясында мектепшілік бұйрық шығарылып жоспары құрылды. Жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді. Ауылымыздың жеке кәсіпкерлерлеріне «Балаларымызға қол ұшын берейік» аты хабарландырулар таратылды. Ата-аналардан мектепке жол акциясы негізінде өтініш түскен жоқ. Тамыз айында Қазақстан РҰ 25.01.2008 жылғы № 64 бекітілген қаулысы негізінде 7 отбасы 17 балаға қаржылай көмек берілді.

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс туралы. Алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен бірге «Бала құқығы», «Құқықбұзушылықтың салдары» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мектепшілік есепте тұрғандар – 0.

Тәуекел топтағы оқушылар – 0.

Аудандық ІІБ есебінде тұрғандар – 0.

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы туралы.

Мектеп ұжымының адамгершілік сау қарым-қатынасын қалыптастыру мақсатында «Қайырымдылық - жүректен» акциясы ұйымдастырылды. Акция аясында жиналған қаражатты бір отбасына «Азық түлік себеті» алынып қолдау көрсетілді.

Мектептің педагогикалық кеңесінде әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға материалдық қолдау көрсету, жетім оқушының құқығының бұзылмауы, оқушыларды тегін жазғы қала лагерьмен қамту бойынша мәселелер қаралды.

Жетім оқушының алты ай сайынға есебі білім бөлімінің қамқоршылық және қорғаншылық бөліміне уақытылы тапсырылды.

Мектептің Қамқоршылық кеңесінің отырыстарында мектеп қорына демеушілер және өзге де демеушілерден келіп түскен қаржылай көмекті үлестіру /қаржылай көмек түскен жоқ/, №64

қаулыға сәйкес білім алушыларға қаржылай көмекті тағайындау және оқушылардың қала сыртындағы лагерьлерге жіберу туралы мәселелер қабылданып, шешімдер шығарылды.

Ақпан айында бір оқушы қала сыртына саяхаттап келді.

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмысы туралы.

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушыларға берілді.

Өгей әке мен тұратын оқушылардың үй-тұрмыс жағдайы және әлеуметтік ерекшеліктері баса назарға алынып, мектеп психологі оқушыларды өз бақылауында ұстап отыр. Ата-анаға түрлі мәселелер (қаржылай көмек алу, оқушыны лагерьмен қамту, бала тәрбиесі, мамандық таңдау, баламен қарым-қатынасы және т.б.) бойынша жыл бойы әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.

Токсан сайын өткізілетін ата-аналар жиналысына қатысып, мәселелі сұрақтарына жауап берілді. Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысында әлеуметтік мәселелер бойынша баяндама оқылды.


Ата-аналарға мектеп психологімен бірлесе буллингтің алдын алу, мектептегі әлімжеттік бойынша жағнамалар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

VI. Диагностикалау-талдау қызметі туралы.

Мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау қызметі жүргізілді. Оның ішінде, «Сыныптағы қарым-қатынас» тренинг, «Мектептегі оқу-тәрбие үдерісі» әлеуметтік сауалнамасы, «Мектептегі ыстық тамақ тамақтану» сауалнамасы алынып, нәтижелері шығарылып, қорытындыланды.

Білім алушылардың әлеуметтік картасы және отбасы картасы жасалынды.

Әлеуметтік педагог:



А.Е.Мустафина